

**6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша
(PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған
«Қазақстан Республикасында бауыр трансплантациясына дейінгі және
кейінгі науқастарға көмек көрсетуді ұйымдастыруды жетілдіру»
тақырыбындағы М.О. Досхановтың диссертациялық жұмысына**

ҒЫЛЫМИ КЕНЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Мақсат Оңалбайұлы Досханов – 040100 - «Емдеу ісі» мамандығы бойынша Қазақ мемлекеттік медицина академиясының 2008 жылғы түлегі, 2009 жылы «Емдеу ісі» мамандығы бойынша интернатураны тәмамдап, «хирург» біліктілігін алған. 21.09.2009-21.09.2011 ж. аралығында «хирургия» мамандығы бойынша «Ресей медициналық дипломнан кейінгі білім беру академиясы» ҚКБ МБМ-да клиникалық ординатурадан өтті. 2016 ж. бастап «А.Н. Сызғанов ат. ҰҒХО» АҚ Гепатопанкреатобилиарлық хирургия және бауыр трансплантациясы бөлімшесінің меңгерушісі.

2016 жылы 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша докторантураға түскен.

Кафедра аралық кеңестің отырысында медицина ғылымдары докторы дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмыстың тақырыбы бекітілді.

Докторант М.О. Досхановтың ғылыми қызметі Қазақстан Республикасында бауыр трансплантациясына дейінгі және кейінгі науқастарға көмек көрсетуді ұйымдастыруды жетілдіруге бағытталған.

Докторант М.О. Досханов білім беру бағдарламасының толық курсына сәтті игерді, кредиттер бойынша қарызы жоқ.

Диссертация тақырыбы бойынша 11 ғылыми жұмыс жариялаған, оның ішінде: импакт-факторы бар Scopus деректер базасында индекстелген журналда 7 мақала, ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған басылымдарда жарияланған 4 мақала. Диссертация материалдары халықаралық ғалымдардың қатысуымен өткен Республикалық ғылыми-практикалық конференцияларға ұсынылған және 5 халықаралық конференцияға ауызша баяндамамен қатысқан. Патентті тіркеуге куәлік алған. 2019 жылы «Трансплантацияға дейінгі және бауыр трансплантациясынан кейінгі кезеңдерде науқастарды жүргізу алгоритмдері мен ұсыныстары» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері негізінде авторлық құқық алған.

Диссертациялық жұмысты рецензент қарап шыққан, плагиатқа тексеруден өткені туралы анықтама және этикалық және адамгершілік-құқықтық тұрғыдан бағалау жөніндегі тұжырымдама бар.

М.О. Досханов білім алу кезеңінде өзін жауапты әрі ұқыпты докторант ретінде көрсетті, ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу барысында жоғары білік-дағдыларға ие, ғылыми зерттеуге ерекше қызығушылық танытты.

Докторант ғылыми идеяларды қалыптастыруға және жүзеге асыруға қабілетті. Диссертациялық жұмыстың көлемін өз бетінше және жеке дара орындаған.

Жоғарыда мазмұндалған ескере отырып, докторант М.О. Досхановты қорғауға жіберуге болады және «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесіне лайық деп санаймын.

Ғылыми жетекші
PhD философия докторы



М.Д. Бримжанова

Handwritten signature
Handwritten signature